

Куватов Асқар Жолдасбековичтың 8D01101 (6D010300) – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары (дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына АҢДАТПА

Зерттеудің тақырыбының көкейкестілігі. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды қатарынан өркендету мәселелері қоғам сұранымына көкейкесті болып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында: «Өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажет» деп ерекше атап өтті... «Балалар үшін қатерлі бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда олардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды. Балалар мемлекетіміздің болашағы емес пе?!» – деп, спорттың адам өміріне тигізер пайдасының зор екендігіне мән береді [3].

Әдіснамалық пайымдама жасау барысында жеке тұлғаның өзін-өзі детермендеуінің жетімсіздігі жайлы көкейкесті мәселеліктің басымдығы айқындалды. Осындай шиеленісі қиын өткір мәселені шешуде еңбегіміздің қайшылықтарын әдебиеттерді талдау барысында сараладық.

Анықталған проблемалардың негізінде төмендегідей **қайшылықтарды** анықтадық:

- білім мазмұнында тағылымдық нысанның берілмеуі мен студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттарының арасында;

- студенттердің заманауи мүддесінің тапсырысы мен студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінің жеке мүмкіндіктерін ескермеуінің арасында;

- білім мазмұны мен оқыту мазмұнындағы нұсқаулықтар мен студенттердің меңгерген біліми-ғылыми дүниетанымы мен оның сабақтастығының арасында.

Сараланған қарама-қайшылықтардан туындаған студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін ғылыми тұрғыда бағдар берерлік зерттеу жұмысының тақырыбын **«Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары (дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған)»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: студенттердің ішкі интеллектуалдық әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттарын анықтап, оның педагогикалық тағылымын эксперименттік сынақтан өткізу.

Зерттеудің объектісі: жоғары оқу орындарындағы педагогикалық үдерісі.

Зерттеудің пәні: студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары (дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған).

Зерттеудің болжамы (гипотезасы): егер білім мазмұнында студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың тағылымдық және әдіснамалық негізі анықталса, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары құрылса, заманауи мүддесіне лайықты студенттердің жеке мүмкіндіктері ескерілсе, онда қоғам

тапсырысына жауап беретін студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары жүзеге асырылады.

Зерттеуде қойылған мақсаты мен пәніне, жасалынған гипотезасына сәйкес келесі **зерттеудің міндеттері** анықталды:

- 1) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің әдіснамалық негізін құру;
- 2) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін өркендетуде стохастикалық парадигмасының алар орнын анықтау;
- 3) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін дамытуда қозғалыс белсенділігін тиімді қолданудың ойлау өнеріне тигізер ықпалын ашу;
- 4) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық негізін айқындау, оқу құралын ұсыну;
- 5) студенттердің дене шынықтыру пәнінде ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың амалдарын ұсыну;
- 6) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру технологиялары мен шарттарын жасау;
- 7) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың нәтижелерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: жаңа қоғам сұранымына сәйкес келерлік студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін өркендетуге үлес қосар педагогикалық шарттары, әрбір индивидтің дене шынықтыру пәнін меңгерудегі өзіне тән икем, дағдыларының диагностикалық қорытындысы және оның тағылымдық-тәжірибелік мүмкіндіктерін ескерудегі бірнеше (эмпирикалық, алгоритмдік, стохастикалық) парадигманың қолданылуы.

Зерттеудің әдістері. Зерттеу тақырыбының мәселесі бойынша келесі әдістер қолданылды:

- ғылыми, педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге, зерттеліп отырған мәселеге қатысы бар диссертациялық жұмыстармен теориялық жұмыс жасау барысында талдау, нормативтік және заңнамалық құжаттарды оқу және талдау, сараптама жасау, қорыту:

- эмпирикалық зерттеу әдістері: талдау, жинақтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге, сауалнама, әңгіме, диагностикалау тесттері, бақылау;

- педагогикалық эксперимент жүргізу: анықтаушы, қалыптастырушы және бақылаушы кезеңдері;

- зерттеу нәтижелерін қорытындылау барысында эксперименттік мәліметтерді сапалық және сандық тұрғыда сараптау, жинақтау, бақылау, әдістері қолданылды; зерттеу нәтижелері қатысушылардың академиялық жетістіктерінің деңгейі мен жалпы және ішкі (жасырын) интеллектуалды қабілеттердің тест нәтижелері арасында күшті корреляцияның бар екендігін көрсетті (ССАТ және Ю4). Корреляцияны анықтау үшін Пирсонның корреляция әдісі қолданылды; үлгілердің біртектілігін және екі жақын тест нәтижелерінің тәуелсіздігін анықтау үшін Стюденттің t-тест аралық тексеру кесіндісі, Э.П. Торренстің «Креативтілік тесті»; студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде қалыптастырушы диагностикалық картасы, «Вильямстың дивергенттік ойлау тесті»; аралық тексеру кесіндісі әдісі қолданылды.

Зерттеудің базасы. Коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Торайғыров университеті» (С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті), коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» (Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті), Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2017-2018) зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне теориялық талдау жүргізілді, зерттеудің ғылыми-ұғымдық аппараты анықталды, зерттеу мәселесінің қазіргі заманға сай жағдайы зерттелді, студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың өркендетуде стохастикалық парадигмасының алар орны анықталып, тағылымдық-әдіснамалық негізі әзірленді.

Екінші кезеңде (2018-2020) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін дамытуда қозғалыс белсенділігін тиімді қолданудың ойлау өнеріне тигізер ықпалы ашылып, студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық негізі айқындалып, амалдары (тұжырымдамасы) ұсынылып, педагогикалық шарттары жасалынып, тәжірибелік-эксперименттік сынақтың мазмұны анықталып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысы әзірленіп жүзеге асырылды.

Үшінші кезеңде (2020-2022) әзірленген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысына талдау жүргізілді, қажетті өңдеу жасалынды, алынған нәтижелері жинақталып, жүйеленіп жүзеге асырылды, қорытындылар жасалынып, зерттеу нәтижесінде алынған материалдар диссертациялық жұмыс түріне рәсімделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- 1) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің әдіснамалық негізі;
- 2) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін өркендетуде стохастикалық парадигмасының алар орны;
- 3) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін дамытуда қозғалыс белсенділігін тиімді қолданудың ойлау өнеріне тигізер ықпалы;
- 4) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық негізі, оқу құралы;
- 5) студенттердің дене шынықтыру пәнінде ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың амалдары;
- 6) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру технологиялары мен шарттары;
- 7) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың нәтижелерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеру.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің әдіснамалық негізіне алдымен педагогика тарихы нысанынан ойлау қабілетін арттыру үдерісінің ғылыми-тағылымдық негіздері толыққанды тұрғыда айқындалды. «Дене шынықтыру» пәнінің жылдар бойы негізі: «білім мазмұны» мен «оқыту мазмұны» екендігі, оның дидактика негізін құраушылық маңызы жан-жақты талданды. Студенттердің ішкі интеллектуалдық белсенділігін арттыруда жаңа инновациялық технологиялардың атқарар рөлі ашылған. «Ішкі интеллект» ұғымының тағылымы: онтология, аксиология,

гносеология ұғымдарының бірлікте келуімен түсіндірілген. Жұмыста модульдік және ақпараттық технологиялар проблемаларының мүмкіндіктері ашылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың жолдары, амалдары, әдіснамалық нысаны сараланды, зерделенді. Студенттердің ішкі интеллектуалды ойлау қабілеттіліктерін арттыру шарттары білімденудің инновациялық технологияларының түрлерін қажеттілік пен қызығушылығына қарай іс-әрекетте қолдануына мүмкіндіктер қарастырылды. Оқу құралының құрылымы, тапсырмалар жиыны, диагностикалық карталарымен жұмыс түрлері іске асырылды. Торайғыров университетінің оқу үрдісіне енгізілді, білім беру ұйымының оқытушыларына зерттеу материалдары мен басылымдарын студенттерге сабақ өткізу, сондай-ақ өздік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру барысында пайдалануға мүмкіндік берілді.

Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен шынайылығы: зерттеудің теориялық қағидалары әдіснамалық тұрғыдан негізделді: студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің арттыру мәселесінің жүйелілік тұрғыдан қарастырылуы; тағылымдық нысанды эксперименттік тәжірибеден өткізіп, алынған нәтижелердің дәлелденуі; зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің болжамға сәйкес келуі; эксперименттің ұзақтығы (анықтаушы, қалыптастырушы, бақылаушы кезеңдері); сандық және саналық талдаулардың үйлесімдігі; мәліметтердің статистикалық талдануы; тексерілген оң нәтижелердің алынуы; зерттеу нәтижелерінің оқу үрдісіне енгізілуі.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- бірінші қорғауға ұсынылатын тұжырым ретінде студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің әдіснамалық-тағылымдық негіздері айқындалды;

- екінші тұжырым бойынша гносеологиялық және аксиологиялық тұрғыда студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың іс-әрекетінің субъектісі, оның ішкі мотивациясының, қажетсіну уәжінің, рефлексиясының негізінде жеке мүмкіндіктерінің парадигмалық өрістерде айқындалып, тұлғалық болмысының сыни бағаммен өркендеуі қалыптасты;

- үшінші тұжырым – студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруда қозғалыс белсенділігінің тиімді қолданудың ойлау өнеріне тигізер ықпалы ашылды;

- төртінші тұжырым – студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық негізі ұсынылды;

- бесінші тұжырым – студенттердің дене шынықтыру пәнінде ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру амалдары мен тұжырымдары жіктеліп, сараланды;

- алтыншы тұжырым – студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісін білімденудің жаңа инновациялық технологиялары мен шарттары құрылды;

- қорғауға ұсынылатын жетінші тұжырым ретінде барлық тұжырымдар негізінде студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісі эксперимент арқылы тексерілді.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (Куала Лампур, Малайзия, 2017) – 1 жарияланым; Қазақстан Республикасы, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда (С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «ПМУ Хабаршысы», педагогикалық сериясы; Коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Торайғыров университеті», «Торайғыров университетінің хабаршысы», педагогикалық сериясы) – 4 жарияланым; халықаралық ғылыми мәліметтер ақпараттық Scopus базасында тіркелеген шетелдік журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала – 1 жарияланым (Spain, Retos, 2023, #49, p. 713-729); 1 оқу құралы; оқу үрдісіне енгізу 7 акт ұсынылған.

Диссертацияның құрылымы: диссертациялық жұмыстың құрамына негізгі титутдық бет, нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, бірінші бөлім, екінші бөлім, үшінші бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар кіреді.